**БЕКІТЕМІН:**
ЖШС«Бану-Түркеш»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С.Умирзакова____________

**Перспективалық жоспар кіші топ**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазан | **Дене шынықтыру** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз»<br>(мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр) аттап жүру. | Белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. | Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады. |
| | **Көркем әдебиет** | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді | Кітаптағы суреттерді қарайды, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. | олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. |
| | **Сенсорика** | Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту,(ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. | Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген. |
| | **Сурет салу** | **Бояулар сыры-** топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту Көркемдік қабылдауларын дамыту. | Тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. | Сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие. |
| | **Жапсыру** | Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. | Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды. |
| | **Құрастыру** | **«Қамқор»** жобасы Құстарға ұя саламыз, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу.Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастырту. | Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады. |
| | **Музыка** | **«Күй күмбірі»** балаларды балабақшаға қабылдау барысында | Музыкалық шығармалардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. | сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер). |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Үнемді тұтыну»,** «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну-табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>**Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау.<br><br>Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. | Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. |